



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы **2026 жылдың 29–30 қазан** аралығында Астана қаласында өтетін XV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік NIS Conference 2026 конференциясына (бұдан әрі - Конференция) қатысуға шақырады.

2011 жылдан бері Конференция Қазақстан мен Орталық Азиядағы білім беру саласын дамыту және оның келешектегі даму бағыттарын айқындау мақсатында жетекші педагогтерді, ғалымдарды, сарапшыларды, білім беру ұйымдарының басшыларын және халықаралық қауымдастық өкілдерін бір ортаға біріктіретін ең ірі әрі беделді білім беру алаңдарының біріне айналды.

2026 жылғы конференцияның тақырыбы — **«Мектеп және адами әлеует: сапалы білім және тең мүмкіндіктер»**. Басты назарда — әділетті әрі орнықты қоғам қалыптастырудың негізі ретінде сапалы білім беру, әрбір білім алушының тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, жеке әлеуеті мен қабілеттерін толық ашу, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету және жалпы мектептік әл-ауқатты нығайту мәселелері.

### **Конференция жұмысының негізгі бағыттары:**

- ✓ Болашақ мұғалімі
- ✓ Цифрлық құзыреттер
- ✓ Мектеп трансформациясы
- ✓ Оқушылардың әл-ауқаты
- ✓ Білім берудегі деректер.

**Нысаны:** пленарлық және секциялық отырыстар, панельдік пікірталастар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, шеберлік сабақтар, сондай-ақ постерлік сессиялар. Конференция Астана қаласында офлайн форматта өтеді.

**Қатысу мен материал жіберу:** тіркелу мен абстракт жіберу конференция сайтында жүзеге асырылады (<http://conf.nis.edu.kz/>)

### **Маңызды күндер:**

Материалдарды тапсыру: 25 шілде 2026 жыл

Қабылдау туралы хабарлама: 20 тамыз 2026 жыл

**Рецензиялау:** Абстрактілерді рецензиялау арнайы құрылған академиялық комитет арқылы жүзеге асырылады және екі жақты жасырын рецензиялау жүйесі бойынша өткізіледі.

**Тіркеу жарнасы:** Барлық қатысушылар санаты үшін қатысу құны - 50 000 теңге.

**Байланыс:** [conference@nis.edu.kz](mailto:conference@nis.edu.kz)

XV NIS Conference 2026 конференциясына қатысып, білім сапасын арттыру, мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және адами әлеуетті дамыту бағытындағы кәсіби пікір алмасу алаңының бір бөлігі болыңыз.

*Құрметпен,*

*XV NIS Conference 2026 Ұйымдастырушы комитеті*